

«Бұлақты негізгі орта мектебі»
Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы (үзінді көшірме)

Өткізілетін күні -31.08.2023 жыл.

Қатысқаны: 18 мұғалім.

Қатыспағаны: -0

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер.

3. 2023-2024 оқу жылында мектептің аттестациядан өту туралы А.К.Койшыбаевич 3. мәселе бойынша мектеп директоры: А.К.Койшыбаевич сөз алды.

Биыл, яғни 2023 жылдың 07 тамыздан бастап біздің білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалау жүзеге асырылу басталады. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде жүргізіледі. Білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалау №486 бұйрықтың қосымшаларына сәйкес бекітіледі. Білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптар жиынтығы қолданылады. Бағалау өлшем шарттары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшеуіштер. Оқу жоспары тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің реттілігін, көлемін регламенттейді. Мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі. Бізде 07.08-29.09.2023ж аралығында өтеді. Бағаланатын кезең бұрынғы өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады. Оқыту нәтижелеріне бағалау 4,9 сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселері жөнінде ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу жүргізіледі. Біздерде бұл тестілеу 29 қыркүйек күні өткізетін болды. Құзырлы органға қолдау хат жібереміз. Сол тестілеуге дейін 4,9 сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөнінде ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу жүргізілсін. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына (үлгілі-5, жақсы-4 жақсартуды қажет етеді-3, төмен-2) деңгейлерінің біріне сәйкес болуы шарт. Мұғалімдердің өз білімдерін уақытылы жетілдіруі, санаттарының көтерілуі туралы түсіндірді. Ата-ана, пед кадр, білім алушылардың сауалнама алуға тоқталды. Комиссия құрамы таныстырылды, олардың атқаратын жұмыстары (№486 бұйрығының тармақтары мен қосымшаларға) бөлініп берілді.

Қаулы:

1. ҚР - ның Оқу-ағарту министрінің №486 бұйрығы басшылыққа ала отырып, өзін-өзі аттестаттау комиссиясы анықтама дайындап, сапаны бақылау департаментіне ағымдағы жылдың 1-ші қазанына дейін дайындалынсын.
2. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.

Мектеп директоры: м.а



А.К.Есбосинов